КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 18 қазан №1112-23-00-2/2537 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жакупов А.А.,
сот отырысының хатшысы Дуйсеков А.К.,
алдын ала сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Рақай» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
талапкер өкілі Жартанов Ф.К.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «Рақай» ЖК арасында 2023 жылғы 2 тамызында №160440007161/238486/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалды.

Талап қоюшы талабын жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамағанымен негіздеген.

Сотта талакер өкілі талап қоюды қолдады.

Жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, ешқандай өтініштi білдірген жоқ.

Сот, істі жауапкерсіз қарауды ұйғарды.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 26.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Жакупов А. А., 28.11.2023
1112-23-3-1/2980

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. 5 тармағында осы баптың 4 тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша жауапкер «Рақай» ЖК 2023 жылғы тамыздың 31 дейін талапкерге тауарды жеткізу міндетті болды.

Алайда талапкерге тауар тапсырылған жоқ.

Керісінше жағдайлар сотта дәлелденбеген.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосыксыз катысушы ретінде тануға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Рақай» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Рақай» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Рақай» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жирыма бес) тенге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Жакупов А. А., 28.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Жакупов А. А., 28.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»